

Азаматтардың кейбір санаттарына газетке жазылуға берілетін әлеуметтік көмек тағайындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 9 қарашадағы № 392 қаулысы. Атырау облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 7 желтоқсанда N 4-8-215 тіркелді. Күші жойылды - Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 ақпандағы № 106 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2013.02.21 № 106 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасын басшылыққа алып, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Т І :

1. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына және I, II, III топтағы мүгедектеріне жергілікті бюджеттен қаралған қаражат шегінде республикалық, облыстық және аудандық газеттерге жазылу үшін біржолғы әлеуметтік көмек тағайындалсын.

2. Азаматтардың кейбір санаттарына газетке жазылуға берілетін көмек жүзеге асыратын жұмысшы органы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі болып белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы *А. Мұфтах*